

2019 жылға арналған орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 13 қыркүйектегі № 1234 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 17 қыркүйекте № 5566 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағы 8-3) тармақшасына сәйкес, Петропавл қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2019 жылға арналған орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. "Петропавл қаласы әкімдігінің білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін оны Петропавл қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау осы саланы басқаратын қала әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Б. Жумабеков

Петропавл қаласы әкімдігінің 2019 жылғы _____
№ _____ қаулысына қосымша

2019 жылға арналған орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы

Атауы	Оқушылар саны			Айына бір оқушыға жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)			
	Барлығы, оның ішінде:	1 - 4 сыныптар	5 - 9 сыныптар	10-11 сыныптар	1 - 4 сыныптар	5 - 9 сыныптар	10-11 сыныптар
"Қасиетті Сергей Радонежский құрметіндегі орта мектебі" жеке меншік мекемесі	139	79	50	10	14904,5	19412,0	22741,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК